

## **Қарабалық ауданы Бөрлі ауылдық округі Бөрлі ауылының құрамдас бөліктерін қайта атау туралы**

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Бөрлі ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 16 наурызда № 7602 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 4) тармақшасына, Бөрлі ауылдық округінің Бөрлі ауылы халқының пікірін ескере отырып облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 16 қарашадағы қорытындысы негізінде, Бөрлі ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарабалық ауданы Бөрлі ауылдық округі Бөрлі ауылында:  
Советская көшесін Орталық көшесіне;  
70 лет Октября көшесін Болашақ көшесіне;  
Комсомольская көшесін Атамекен көшесіне қайта аталсын.
2. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:
  - 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;
  - 3) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қарабалық ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бөрлі ауылдық округінің әкімі*

*А. Сағынбек*